

Шегебаева Айгерім Рысбайқызының 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### ПІКІР

Мемлекеттің міндеті азаматтардың құқықтарын жариялап қана қоймай, сонымен қатар осы құқықтарды, яғни азаматтардың өзге де өмір саласында өтбасылық және жеке құпияларының болуын қажетті шекте түсіндіре отырып, қорғау табылады. Алайда, бүгінгі күнге дейін осы саладағы ұғымдық аппараты туралы бірыңғай пікір қалыптаспаған. Жеке өмір ұғымының мазмұны нақты тұжырымдалмаған. Азаматтың ерекше өмір саласын сипаттайтын, осы немесе өзге де құпиялардың мазмұны анықталмаған. Мұндай жағдай құқықтық мемлекеттің принциптеріне жауап бермейді, сондай-ақ жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қорғауға қатысты түрлі заңнамалық актілерді қате қолдануға әкелін соқтырады.

Заңнаманың әлі де болса толық жетілмегендігі, маңызды конституциялық құқықтың толық көлемде қылмыстық-құқықтық қорғалуына кедергі келтіреді.

Аталған тақырып арнайы әдебиеттерде нашар зерттелген деп айтуға болмайды. Алайда, бұл жұмыстар азаматтардың жеке өмірге қолсұғылмашылық конституциялық құқығын жүзеге асырумен байланысты барлық мәселелерді қозғаған жоқ. Шегел мемлекеттерінің заңнамалары мен тәжірибесіне талдау жасай келе Қазақстанның сәйкес қоғамдық қатынастарын құқықтық қорғау одан ары жетілдіру мен оңтайландыруды қажет етеді.

Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере келе А.Р. Шегебаеваның ғылыми еңбегінің тақырыбы өзекті болып табылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы маңызды ғылыми жаңалыққа ие. А.Р. Шегебаева жеке өмірге қолсұғылмаушылықты қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қорғауға қатысты кешенді зерттеу жүргізген. Диссертантпен «жеке өмір» ұғымының мазмұнына теориялық талдау жасалып, азаматтардың жеке өмірі саласына заңды түрде араласу тәсілдерін реттеуге қатысты қолданыстағы заңнаманың нормаларын шетелдердің заңнамасымен салыстыра отырып зерттеу жүргізуге талпыныс жасалған. Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстанның дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу қылмыс құрамына қылмыстық-құқықтық сипаттама берілген. Азаматтардың жеке өміріне қол сұққаны үшін жауаптылықты көздейтін өзге де қылмыстардың құрамдарына салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың ара жігін ажыратуға тырысқан.

Қолданыстағы заңнаманың және орын алған сот тәжірибесінің негізінде түсініктер, жеке өмірге қол сұғылмаушылық қылмыстарын саралау бойынша ұсыныстар тұжырымдалды.

Докторантпен жүргізілген диссертациялық зерттеудің қорытындыларының апробациядан отуін оң жақты бағалауға болады. Аталған ғылыми-біліктілік жұмысының негізгі қорытындылары 8 ғылыми мақалаларда тұжырымдалып, олардың ішінде 4-уі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, 2-уі отандық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың басылымдарында, 1-уі шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияның басылымында және 1 мақала Scopus базасына енетін журналда жарық корді. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу нәтижелері заңшығармашылық, ғылыми және практика қызметтеріне, оқу үдерісіне енгізіліп, ол алты енгізу актілермен расталады.

Осылайша, Шегебаева Айгерім Рысбайқызының «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің барлық талаптарына сәйкес келеді, жұмыста қылмыстық құқық ғылымын жетілдіру үшін маңызы бар міндеттерді шешу орын алған, ал докторант 6D030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайықты.

Отандық ғылыми кеңесші:

Қазақстан Республикасы ПМ

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы


Ғылыми-зерттеу институтының бастығы

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

*23.03.2016*



Б.А. Құлмұханбетова



*Шегебаева А.К.*  
*Шегебаева*